

Б.С. Сайлан 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: b_sailan1967@mail.ru

АСПАН БАТЫРЫ: ТАЛҒАТ БИГЕЛДИНОВ

Мақалада Талғат Бигелдиновтың туған жері, балалық шағы және оның бала кезінен армандаған ұшқыштар мектебіне оқуға түсіп, қалыптасуы туралы айтылады. Ұшқыш тәжірибесін жинақтаған оның Ұлы Отан соғысына аттануы, соғыста Ил-2 ұшқыш-шабуылдаушы ұшағымен жауынгерлік тапсырмаларды ерлерше орындағаны қарастырылады. 1943 жылы қыркүйекте Днепр үшін, сонымен қатар Львов, Краков, Сандомие қалаларын азат ету мен Генденбург, Оп-пальн, Сосновице, Катовице қалаларын басып алудағы әуе шайқасында көрсеткен қаһармандығы сипатталады. Талғат Бигелдиновтың 1945 жылы Берлин қаласын алудағы әскери әуе операциясына қатысып, ол жойған жау техникасы мен адам күші туралы дәлелдер келтіріледі. Оның соғыс жылдары бірнеше мәрте әскери операцияларға қатысып, сан мәрте әуеге көтерілуі көрсетіледі. Ұшақтың хас шебері атанған Т.Бигелдиновтың әуе айқасындағы ерліктері үшін, оның жоғары қолбасшылықтан алған марапаттары және екі мәрте Кеңес Одағының батыры атағын алу тарихы айқындалады. Оның соғыс жылдары басып өткен жауынгерлік жолдары мен аспан батырына айналуы сипатталады. Соғыстан кейінгі бейбіт өмірде ел авиациясы мен қоғамымызға қосқан үлесі, елімізде оның есімімен аталатын әскери оқу орындары, ол туралы жазылған кітаптар көрсетіліп, өмірінің соңғы күндері баяндалады.

Түйін сөздер: Ұшқыш, батыр, ерлік, қаһарман, әскери-әуе күштері, авиация, ұшақ, ұшқыш-шабуылдаушы, шабуыл, шайқас, соғыс, армия, әуежай.

B.S. Sailan

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: b_sailan1967@mail.ru

Hero of the sky: Talgat Bigeldinov

The article tells about the place of birth, childhood of Talgat Bigeldinov and his formation, entering the school of pilots, which he dreamed of as a child. Having gained pilot experience, it is considered that he went to the Great Patriotic War, performed combat missions in the war with the IL-2 pilot-attack aircraft as a man. The heroism shown for the Dnieper in September 1943, as well as in the air battle for the liberation of the cities of Lviv, Krakow, Sandomie and the capture of the cities of Gendenburg, Op-paln, Sosnovice, Katowice, is described. Evidence is given about the enemy equipment and manpower that Talgat Bigeldinov took part in the military air operation to take the city of Berlin in 1945, which he destroyed. During the war, he repeatedly participated in military operations and repeatedly took to the air. The history of T. Bigeldinov, who became the master of the IAS of the aircraft, for his exploits in air combat, his awards from the high command and twice the title of hero of the Soviet Union will be revealed. It is characterized by the combat paths that he covered during the war years and his transformation into a heavenly hero. His contribution to the country's aviation and society in the post-war peaceful life, military educational institutions that bear his name in the country, books written about him will be shown, and the last days of his life will be told.

Key words: pilot, Hero, heroic deed, Air Force, aviation, aircraft, pilot-attacker, attack, Battle, War, Army, airport.

Б.С. Сайлан

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: b_sailan1967@mail.ru

Герой неба: Талгат Бигельдинов

В статье рассмотрено становление Талгата Бигельдинова как личности, показан его жизненный путь начиная с ранних лет, когда он жил на родной земле, до поступления в летную школу, о которой он мечтал с детства. Рассказывается о том, как, набравшись опыта, он отправился на фронт Великой Отечественной войны, описана его жизнь в военные годы, когда он героически выполнял военные задания на самолете-истребителе Ил-2. Характеризуются совершенные им в

небе героические подвиги в битвах за Днепр в 1943 году, а также при освобождении городов Львов, Краков, Сандомие, взятии городов Генденбург, Оппальн, Сосновице, Катовице. Приводятся доказательства участия Талгата Бигельдинова в военно-воздушной операции при взятии города Берлин в 1945 году и уничтожении им вражеской техники и человеческих сил в данной битве. Указывается, что герой во время войны неоднократно принимал участие в военных операциях и многократно поднимался в небо. Выявлены исторические подробности получения героем-летчиком, по праву признанным мастерски исполняющим полеты летчиком-истребителем, государственных наград от высшего командования за героизм, проявленный во время воздушных боев, а также получения им звания Героя Советского Союза. Охарактеризован боевой путь, пройденный им во время войны и становление его героем неба. Также рассмотрен вклад Талгата Бигельдинова в дело процветания авиации и в общественное развитие в мирные послевоенные годы, дана информация о названных его именем военных учебных заведениях, написанных о нем книгах, описаны последние годы его жизни.

Ключевые слова: Пилот, герой, героизм, храбрость, военно-воздушные силы, авиация, самолет, истребитель-бомбардировщик, атака, битва, война, армия, аэропорт.

Кіріспе

1941-1945 жылдары миллиондаған адамның жанын жалмаған Ұлы Отан соғысы туралы қаншама еңбектер жазылса да, әлі күнге дейін бұл соғысты зерттеу тоқтаған жоқ. Фашистік Германияның КСРО-ға бағыттаған барлық Қарулы күштері арасында қарғадай қаптаған әскери ұшақтары адамзат баласын қырғынға ұшыратып қасірет әкелді. Басқыншылардың мұндай әуе шабуылына кеңестік әскери әуе күштері де жанын салып қарсыласты. Соғыс жылдары кеңестік әскери әуе күштері қатарында өжеттілік танытқан қазақстандық ұшқыштар аз болған жоқ. Солардың арасында екі дүркін Кеңес Одағының батыры атанған алаш перзенті Талғат Бигелдиновтың есімі ерекше.

Ұлы Отан соғысы жылдары Т.Бигелдинов өзі тізгіндеген ИЛ-2 ұшағымен жауға қарсы күресте жанқиярлық ерліктер танытты. Ажалмен арпалысып әуе арқылы жүргізілген жауынгерлік тапсырмаларды мінсіз әрі батырлықпен орындады. Аспан асты айқастарында фашист басқыншылары ұшақтарына қырғидай тисе, әуе арқылы барлау жұмыстарын жүргізуде ұшақтың хас шебері атанды. Соғыстың соңғы сағатына дейін сұңқардай самғаған Т.Бигелдинов әуе батырына айналды. Соғыс кезінде ол 305 рет жауынгерлік тапсырмамен ұшып шығып, жаудың жүздеген танктерін, зеңбіректері мен солдаттарын жойды. Әуе шайқастарында фашистердің 7 ұшағын атып түсірді. Т.Бигелдинов Ұлы Отан соғысын барлаушы авиаэскадрилья командирі, капитан дәрежесінде аяқтаған және осындай ауыр шайқастардан өтіп, аты аңызға айналған тұлға. Оның қарапайым ұшқыштан әйгілі батырға, авиация генерал-майорына айналуы қазақ батырларының өжеттілігін паш етеді.

Т.Бигелдиновтың өмірі мен жауынгерлік жолын зерттеу әлі де қажеттілікті талап етеді.

Мәселенің тарихнамасы. Кеңес Одағының екі дүркін батыры Талғат Бигелдиновтың ерліктері туралы Отандық және кеңестік тарихи әдебиеттерде көп жазылған. Оларды тарқатып айтар болсақ, «Казахстанские герои Великой Отечественной войны» атты кітапта оның жауынгерлік жолдары, қай жерлерде шайқасқаны, батыр атағын қай кезде алғандығы және жауынгерлік ұшу рейстері толық көрсетілген. Әскери тарихшы П.С. Беланның «Богатыри Крылатой Гвардии. – Алматы, 1984.», «Герои Советского Союза – казахстанцы. – Алматы, 1968» еңбектерінде Т.Бигелдиновтың соғыстағы өжеттілігі мен батырлығы, ол соғысқан майдан ошақтары мен ондағы көзсіз ерліктері тарихи талданған. Т.Бигелдиновтың «Иль» атакуют. Алма-Ата: Казахстан, 1966.», «Пике в бессмертие. – Алматы: Жазушы, 2000.» жазған мемуарлық еңбектері батырдың ұшқыш болып қалай қалыптасқаны мен кәсіби ұшқышқа айналуынан мол мағлұмат береді.

Кеңестік зерттеушілер М.Карповичтің «Советские летчики в Великой Отечественной войне. – Москва, 1951.» кітабы ұшқыштардың жеңіс жолындағы әуе соғысы қимылы мен әуе айқасындағы ерліктерінен анайы ақпарат айтады. Б.Л. Симакованың жетекшілігімен жазылған «Советские летчики в боях за Родину. – Москва, 1963» кітабы ерлік жасаған ұшқыштардың, соның ішінде әуе қыраны Т.Бигелдиновтың Отанды жаудан қорғау жолындағы жанқиярлық өжеттілігі мен қайсарлығын аша түседі. Н.Г. Бодрихиннің «Великие летчики мира. 100 историй о покорителях неба. – Москва, 2011.» атты еңбегі Т.Бигелдинов ерліктерінің әлемдік ұлы ұшқыштар санатына кіретінін және теңдесі жоқ ұшқыш екенін толық көрсетіп береді.



Материалдар мен әдістер

1941-1945 жылдары өткен Ұлы Отан соғысы мен бұл соғыста екі дүркін Кеңес Одағының батыры атанған Талғат Бигелдинов туралы мәселені жазуда өзіндік әдістемелік ерекшеліктер қарастырылды. Өйткені Екінші дүниежүзілік соғыс пен сол соғыста жанқиярлық танытқан және есімі ерекшеленген батырлар тарихын зерттеуде міндетті түрде сол тақырыпқа арналған әдебиеттер мен құжаттар бірінші кезекте пайдаланылды. Соғысқа Әскери-әуе күштерінің қатысуын тарихи құжаттар арқылы қарастыру – кеңестік авиацияның шайқастарға қатысуын, олардың әуе шабуылындағы күресін және қазақстандық ұшқыштардың жауынгерлік жолы мен олардың жанқиярлық ерліктерін анықтауға негіз болды. Қазақстандық шабуылдаушы-ұшқыштардың ерлігін оқып білу мен жан-жақты талдауда салыстырмалы және шынайы баға беретін концепция қарастырылды. Бұл тақырыпты зерттеуде Ұлы Отан соғысына арналған мұрағат қорлары және соғысқа арналған сайттардағы деректер, Әскери-әуе күштеріне қолбасшылық жасаған лауазым иелерінің және соғыс ардагерлерінің естеліктері, әуе күштері туралы жарияланған құжаттар мен материалдар, еңбектер мен деректер қарастырылды.

Нәтижелер мен талдаулар

Батырдың балалық шағы

Даңқты ұшқыш-шабуылдаушы, Кеңес Одағының екі мәрте батыры атағын иеленген жалғыз қазақ, авиация генерал-майоры Талғат Бигел-

динов 1922 жылғы 5 тамызда Ақмола облысы Қорғалжын ауданындағы Майбалық ауылында дүниеге келген. Отбасының тұрмыс жағдайы нашар болып, оның үстіне Талғаттың ата-анасы ерте дүниеден өтеді. Қазақтың дәстүрі бойынша алты жасынан бастап әкесінің інісінің тәрбиесіне берілген Талғаттың балалық шағы Пішпек қаласында (Кеңес Одағы кезінде – Фрунзе, қазір – Бішкек, Қырғызстан Республикасының астанасы) өтеді. Талғат жастайынан ауыр жұмыспен айналысып, әжесіне көмектеседі, мал бағып, сиыр да сауады. Сол кезде қазақ мектебі болмағандықтан, Талғат татар мектебінің 4 сыныбына барады. Ол ауладағы түрлі ұлт өкілдері балаларымен ойнап, кейіннен қазақ тілімен қатар орыс, татар тілдерін меңгереді (Talgat Bigeldinov. 2016).

Талғат бала күнінен аспанға ұшуды аңсап, ұшқыш болуды армандайды. Орыс тілін білмесе де, 13 жасында барлық қиындықтарға қарамастан, өз арманына қол жеткізу үшін өз еркімен орыс тілді мектепке ауысады. Деректерге сәйкес Талғат татар мектебінен орыс мектебіне ауысқанда қиыншылықтар басталған. Орыс тілі сабағы ол үшін қиын пән болды. Бір күні орыс тілінің мұғалімі әбден қиналып, бос сыныпта отырған Талғаттың үстінен түседі. Сөйтіп оны үйінен келіп сабақ алуға шақырады. Талғат Бигелдинов мұғалімі туралы: «Ол бірнеше апта бойы бізге сабақ берді, қандай тамақ болса да бізге беретін, бірақ өзі аш-жалаңаш отыратын. Содан бері мен орыс тілінде сауатты жазамын», – дейді, өз естелігінде. 16 жасар өжет жігіт «Екі капитан» романын оқып шыққаннан кейін, әскери ұшқыш болуды басты мақсатына айналдырады. Ол 1938 жылы Фрунзедегі аэроклубқа

түседі. Басында бойы аласа болған соң аэроклуб басшылары Талғатты алғысы келмепті. Бірақ жастың табандылығы мен қайсарлығына олар тәнті болған. Ал 1940 жылы Саратовтағы Балашов әскери авиациялық ұшқыштар мектебіне түсіп, кейін Оренбургтағы Чкаловск әскери авиациялық училищесіне ауысып, 1942 жылы ефрейтор шенінде бітіріп шығады (Борисов С. 2018: 18-19).

Ұлы Отан соғысына аттануы және ИЛ-2 ұшағы

Ұлы Отан соғысы басталғанда Талғат Бигелдинов соғысқа аттанғысы келгенімен, ұшқыштық шеберлігін әлі де жетілдіру қажеттігін түсініп, ИЛ-2 ұшағын басқарудың қыр-сырын игеру үшін Ижевск қаласына аттанады. Курстарды аяқтағаннан кейін полк басқармасы: «Ұшу техникасы жақсы. Ол ұшуды жақсы көреді, ұшудан шаршамайды, еңбекқор, ұшу барысында ешқандай ереже бұзушылықтар жоқ. Әуеде сабырлы, сенімді ұшады» – деп, оған жағымды мінездеме береді. Талғат Бигелдинов 1943 жылдың қаңтарынан бастап Калинин майданындағы 296-авиациялық дивизияның 800-шабуылдаушы авиаполкіне қосылады. Бұл кезең қанды соғыстың нағыз қызған кезі еді. Кей кездері жауынгерлік тапсырмалардан тәжірибелі ұшқыштардың өзі аман оралмады. Алайда қатарында Талғат та болған жас ұшқыштар ажалдан қорықпады, керісінше шайқастың алғы шебіне шығуға ұмтылды. Сонымен қатар, олар аты аңызға айналған күшті «ұшқыш танк» аталып кеткен ИЛ-2 ұшағымен қаруланған болатын. Ал фашистер «ИЛ-2» ұшағын «Қара ажал» деп атаған екен. КСРО-ның авиация маршалы Степан Антонович Красовский ұшқыштар мен ұшақ туралы өзінің естеліктерінде: «Талғат Бигелдинов, Георгий Красота, Михаил Одинцов және басқа да бірқатар ұшқыштар әуе шайқасының хас шеберіне айналды. ИЛ-2 ұшағы даңққа бөленді. Олар бұл әуе көлігіне қан жүгіртіп, өмір сыйлады және таптырмас техникаға айналдырды. Кеңестік жаяу әскер өзінің әуе қорғаушысын сыртқы келбеті үшін «ұшатын танк» десе, немістер оны «қара өлім» – атады деп жазды (Борисов С. 2018: 18-19).

Батыр Бигелдиновтан фашистер ИЛ-2 ұшағына «қара өлім» – деген лақап ат қойғаны рас па деп сұрағанда:

– Иә, сол кезеңде ұшақтың бұл түрі күшті машина болды. Бірақ мұндай шабуылдаушы ұшаққа бәрі бірдей отырғызылған жоқ, ол үшін жоғары білім, кәсібилік қажет болды, әйтпесе

ұшқыштың бір қателігі өмірге шығын келтірді. Бірақ Кеңес Одағының барлық шабуылдаушы авиациясы жауға үрей ұялатты» – деп, жауап берді (Жагипаров Т. 2002: 121-126). Яғни ИЛ-2 ұшағыныңда, оны тізгіндеген ұшқыштыңда соғыс жылдары осал болмағанын батыр ағамыздың берген бағасынынан анық аңғаруға болады.

ИЛ-2 бортында барлығы 600 келі бомба, алты реактивті снаряд, сонымен қатар екі дана танкке қарсы зеңбірек және екі пулемет болды. ИЛ-2 – авиаконструктор Сергей Илюшиннің басшылығымен құрылған Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі кеңестік шабуылдаушы ұшақ. Авиация тарихындағы ең жойқын жауынгерлік ұшақ, 36 мыңнан астам дана шығарылды. Алайда, соғысқа дейін Илюшин ұшағына деген салқын көзқарас болды. Кейбіреулер шабуылдаушы ұшақтың ұшу жылдамдығы мен биіктігі жеткіліксіз, ол жауға осал және оған жүктелген міндеттерді ақтай алмайды деп сенді. Соғыс бұл тұжырымдарды растаған жоқ. ИЛ-2 ұшағы Екінші дүниежүзілік соғыстың барлық майдандарында, сондай-ақ кеңес-жапон соғысындағы шайқастарға қатысты. ИЛ-2 жауды жеңуде маңызды рөл атқарды. ИЛ-2 ұшағын өзінің жан серігіне айналдырған Т.Бигелдинов соғыста осы ұшақпен жауға қырғидай тиді (Шахурин А. 1990).

Т.Бигелдиновтың жауынгерлік жолы мен екі рет батыр атануы

Талғат Жакыпбекұлының әуедегі алғашқы жауынгерлік шабуылы 1943 жылы 17 ақпанда таңертең басталып, сол күні кешке тағы екі жауынгерлік шабуыл атқарды. Көп ұзамай ол фашистердің «Мессершмитт Вф-109» жойғыш ұшағын (истребителін) атып түсіріп, өзінің алғашқы жеңісіне қол жеткізді. Аты аңызға айналған ұшқыш өзінің бір сұхбатында: «Бір шайқаста бізге қарсы жаудың 60 жойғыш ұшағы көкке көтерілді. Біздің тоғыз ұшағымыздың алтауы ғана әуежайға оралды. Мен еріксізден жолдастарымнан бөліне «мессерге» шабуыл жасап, бетпе-бет келіп, оны аттым. Кейін белгілі болды, «Мессершмиттің» ішінде отырған адам – әуе шайқасының шебері, 200-ден астам жауынгерлік ұшуды жүзеге асырған, Испания, Франция, Балқан жерінде көрсеткен ерлігі үшін марапаттар алған неміс капитаны фон Дитрих екен» – деп еске алды. Т.Бигелдиновтың бұл өжеттілігі әуе айқасында көзсіз ерлік жасағанын барша жұртқа мойындатады (Махин В. 2012: 4-5.).

Майданда жаяу әскер сияқты ұшақты аспанға көтеретін тегіс жолдар жоқ, ұшқыш

эрқашан бәрі ойдағыдай өтетінін, өз әуежайына аман-есен оралатынын болжай алмады. Тапсырма барынша жауапты болғанымен, бірақ қалай аяқталатынын ешкім де білмеді. 1943 жылы 6 мамырда Харьков түбіндегі Основа поселкесінде жау әуежайына бомбалық-шабуыл жасау кезінде немістердің үш жойғыш ұшағымен айкаста өз ұшағы істен шықты. Парашютпен секіруге тура келеді. Ұшақ атқышы Григорий Яковенкомен бірге жерге түскеннен кейін түнделетіп екі апта бойы майдан шебіне қарай жүреді. Екі рет немістерге тап болады. Майдан шебіне жақындап қалған кезде, минаға түскен Г.Яковенко қаза табады. Аштықтан әлсіреген, жаралы аяғы қинаған Т.Бигелдинов «Сверский Донец» өзенінен жанталаса жүзіп өтіп, кеңестің жаяу әскерлеріне, өзін өлді деп ойлаған туған полкіне аман оралды. Бір жақсысы, жарасы тез жазылады да ол қайтадан сапқа қосылады. Ол ұшқан сайын шындалып, жауынгерлік тәжірибе жинады, әр түрлі бағытта әуеде жауынгерлік бұрылыстар жасады. Нағыз шебер шабуылшыға айналды (Қазақстан тарихы. 2010: 469).

1943 жылы қыркүйекте Днепр үшін болған әуе шайқасында Бигелдинов шабуылдаушы ұшақтың өжет әуе жауынгері екенін дәлелдеді. Ақтық айкаста жаудың 13 бомбалаушысының 6-уының көзін жойды. Содан кейін Бигелдинов жаудың жердегі нысандарына шабуыл жасап, жау әскеріне қырғидай тиді. Оның әуеден берген соққылары жаудың техникасы үздіксіз жүретін тас жолдағы танктерді, автомобильдерді, жанармай цистерналарын, жаяу әскері бар броньланған соғыс машиналарын талқандап өртке орады.

Майданның бел ортасында жүрген ол 1943 жылдың шілдеде – 9, тамызда – 23, қыркүйекте – 22, қазанда – 18 жауынгерлік әуе рейсін жасады. Әрбір әуе рейсі артында күндер мен түндер, күшейтілген дайындық, қауіп пен қарбалас тұрды. Ұшқыштың әрбір сәті өмір мен өлімнің арасында болғанымен, оның әр ұшу сапары фашистерге үлкен үрей туғызды. Талғат Жақыпбекұлы 2-ші Украин майданы құрамында Днепрден өту, қалалар мен ауылдарды азат ету ұрыстарына қатысып, 152 рет әуеге көтерілді. Кременчук облысындағы өткелдерді бомбалады, ірі калибрлі зениттік батареялардың отын жеке өзі басып тастады. Сол жылдың қараша, желтоқсан айларында Знаменка, Каменка, Долинская стансаларында топпен бірге жаудың техникасы мен адам күші бар бірнеше темір жол эшелондарын талқандады. Оның жеке шабуылының өзі жаудың екі локомотивін,

әскери жүк тиелген жеті вагонын, үш ірі оқдәрі қоймасын жойды (Simonov A., Bodrikhin N. 2017. – р. 20.).

Талғат Бигелдиновты марапаттау туралы құжаттарға назар аударғанда оның бойындағы батылдық пен әскери антын орындаудағы терең жауапкершілік көп айтылады. Онда: «152 жауынгерлік әуе жорығын сәтті орындағаны, батылдығы мен өжеттілігі, жаудың 4 ұшағын жеке өзі атып түсіргені, Кировоградты, Александрияны, Знаменкиді азат етудегі қаһармандығы, жау әскері мен техникасын жайратудағы ерлігі үшін аға лейтенант Бегелдинов ең жоғары үкіметтік марапатқа – Кеңес Одағының Батыры атағына лайық» – деп, ұсыныс берілді. Ұсыныс құжатына атақты командирлер Кеңес Одағының батыры, гвардия авиация генерал-лейтенанты Рязанов, 5-ші әуе армиясының қолбасшысы, авиация генерал-полковнигі Горюнов, 2-ші Украина майданы әскерлерінің қолбасшысы армия генералы, кейін маршал болған Малиновский қол қойды. 1944 жылы 26 қазанда Талғат Бигелдиновқа Кеңес Одағының батыры атағы берілді (Белан П.С. 1984).

Ол соғыстың басында сержант, ұшқыш, соңында капитан, эскадрилья командирі болды. Ержүрек, әуе ұшағының хас шебері, тактикалық сауатты командир Т.Бигелдинов өзін эскадрильяның тамаша жетекшісі ретінде көрсетті, ұшқыштардың мінсіз дайындығын қамтамасыз етті. Осы уақытқа дейін оның эскадрильясы бағдарын жоғалтпастан 1670 рет ұшты. Эскадрилья командирі Талғат Жақыпбекұлы: «Топ жетекшісі болу үлкен жауапкершілік. Оның міндеті нысананы тауып, шабуыл жасап, оны жою және барлық топпен, шығынсыз әуежайға оралу» – деп, командирдің басқару әдісі мен жауынгерлік жолдағы жауапкершілігін еске алады (Бахтигареев Р. 2005: 9).

Т.Бигелдинов соғыс өнерін жетік меңгерді. Ол таң атқаннан жау шебінің арғы жағына ұшып өтіп, төменгі аумақты құстың көзімен қарағандай зерттеп, керемет есте сақтау қабілетінің арқасында оның ерекшеліктерін ұсақ-түйекке дейін жатқа білді. Әуеде жүріп ғимараттар мен сайларды, шөп үйінділерін, жау техникасы шоғырланатын және жұмыс күші орналасқан жерлерді мұқият бақылай білді. Ал командирдің тағы бір маңызды қасиеті туралы ол: «Жаудың айласы мен қулығының қыр-сырын, қару-жарақтарының ерекшеліктерін және олардың соққылық қасиеттерін білу керек. Егер зениттік зеңбірек снарядтары 1500 м-ге дейін жетсе, онда ко-

мандир өз жолдастарын осы секторға апармай, жауынгерлік тапсырманы орындап, базаға тірі жету үшін әскери шеберлік жасау керек» – дейді (Бегельдинов Т. 2013: 3).

Т.Бигелдинов Львов бағытындағы қатты бекінген қорғаныс шебін бұзып өту кезінде асқан өжеттілік, жанқиярлық және тамаша батылдық көрсетті. Ол эскадрильяны басқарып күніне бірнеше рет жаудың атыс бекіністерін талқандады, құрлықтағы әскерлердің сәтті шабуылын қамтамасыз етті. Осы аяқаста ұшқыштар 130 рет әуеге көтеріліп, жаудың бір ұшағын, 27 танкісін, жүк тиелген 42 автомашинасын және жаудың адам күшін, 12 зеңбірегін жойып, тоғыз батареяның отын ауыздықтады (Люди бессмертного подвига. 1975).

Капитан Бигелдинов Краковты азат ету кезінде Сандомие қаласының батысындағы жау қорғанысын бұзып өту үшін Висла, Кросно әскери операцияларында гвардияшылар шабуылының ержүрек шебері атағын жеңіп алды. Тоғыз ұшақтың жетекшісі бола отырып, Стодол ауылы маңында жау техникасына шабуыл жасау кезінде ерен ерлік үлгісін көрсетті. Оның тосаттан және батыл соққысы нәтижесінде 3 танк пен 7 автомашина жарылып, фашистердің қарсы шабуылға шығу жоспарын аяқсыз қалдырды. Үздік қолбасшы әрі ұйымдастырушы Талғат Жақыпбекұлы қарамағындағыларды да батыл басқарды. Оның 1-ші Украин майданындағы эскадрильясы 420 рет әуеге көтеріліп шығынсыз оралды. Ең қиын және жауапты тапсырмаларда ол әрқашан жеке ұшты. Сондай-ақ, Генденбург, Оппальн, Сосновице, Катовице қалаларын басып алуда, Одер өзенінен өту кезіндегі ұрыстарда ерекше көзге түсті. Оның нысанасына түскен бір ұшақ, 12 танк, 37 автомашина, 9 зеңбірек, басқа да көптеген техника, сондай-ақ жаудың адам күші жойылды (Махин В. 2012: 4-5.).

Талғат Жақыпбекұлы Берлин шайқасына қатысып, жауынгерлік тапсырмаларды тиянақты орындады. Төмен биіктікте Берлин қаласының орталығына жол тартқан Бигелдинов тобы Телтов каналындағы танк тиелген 8 кемені жүгімен жойып, екі сүйретілген тіркемені су түбіне батырды. Ал бұл жерде оның ерліктеріне 2-ші Әуе армиясының қолбасшысы, авиация генерал-полковнигі С.Красовскийдің, 1-ші Украин майданы әскерлерінің қолбасшысы, Кеңес Одағының маршалы И.Коневтің жоғары баға бергенін айтқан жөн. Соғыс жылдарында Жоғарғы Бас қолбасшылық Талғат Бигелдиновқа 9 рет алғыс жариялады (Батырбеков М. 2007: 12-13).

1945 жылы 27 маусымда Т.Ж. Бигелдинов ерекше өжеттілігі мен батылдығы үшін екінші «Алтын Жұлдызды» иеленді. Бұл жолы ол эскадрильяны шебер басқару мен Краков, Оппальн (қазіргі Ополе), Катовице, Бреслау (қазіргі Вроцлав) және Берлин қалалары үшін шайқастардағы әскери жауынгерлік ерліктері үшін марапатталды. Сөйтіп 23 жастағы жас капитан екінші мәрте Кеңес Одағының батыры атанды (Зефиоров М.В., Дегтев Д.М. 2008: 235).

Кеңес Одағының екі дүркін батыры 1945 жылы 10 мамырда Прага үстінен соңғы ұшуын ерекше мақтанышпен еске алады. Қаланың оңтүстік шетінде СС дивизиясының қалдықтары берілуді қабылдамады. Олар жаңа шабуыл арқылы кеңес жауынгерлері мен офицерлерінің және бейбіт тұрғындардың өмірін қиямыз деп қорқытты. Т.Бигелдинов 24 ұшақтан тұратын толық қаруланған бүкіл шабуыл тобымен фашистердің үстінен рейспен ұшуға бұйрық алды. Бірақ бір оқ шығармай ұшу бұйырылды. Бұйрық орындалды. Гүрілдеген дүбірі бар ұшақтар СС дивизиясының төбелерінен ұшып өтті. Ал бұл ұшу оларға жан түршігерлік әсер етті, егер олар берілмесе, оларды не күтіп тұрғаны белгілі болды және олар қаруларын қойып беріле бастады. Бұл тамаша әскери операция және табысты саяси әрекет болды. Т.Бигелдиновтың майдандық өмірінің соңғы батыл нүктесі осылай қойылды. Жауынгерлік жолдың аяқталуына оның 1945 жылы 24 маусымда өткен Жеңіс парадына қатысуы куә болды (Vukolov V. 1973: 20).

Екі мәрте Кеңес Одағының батыры атанған Талғат Бигелдинов соғыс жылдарында 305 рет әуеге көтеріліп, жалпы есеппен аспанды 500 сағат шарлаған. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, Кеңес Одағының батыры атағын екі рет алған Анатолий Ефремов 244 рет ұшса, Талғат Жақыпбекұлы одан 61 рет артық көкке көтерілді. Ил-2 шабуылдаушы ұшақты шебер басқарған Талғат Бигелдинов гитлершіл 7 ұшақты, 21 танкті, 29 артиллерияны, 64 әскери жүк пен техниканы, 3 оқ-дәрі қоймасын, 2 паровозды, 7 вагонды, басқа да қару-жарақтар мен көптеген жау күштерін жойды (Махин В. 2012: 4-5.).

Соғыстан кейінгі өмірі

Соғыс аяқталғаннан кейін, 1950 жылы Талғат Бигелдинов Әскери-әуе академиясын тәмамдайды. 1956 жылға дейін КСРО Әскери-әуе күштерінде, Украинадағы шабуылдаушы авиация полкінде қызмет етті, Краснодар жоғары әуе күштерінің шабуылдаушылары мектебінде штабты басқарды. Ол денсаулығына байланы-

сты 35 жасында зейнеткерлікке шықты. Бірақ ұзақ уақыт бойы оның өмірі авиациямен байланысты болды. 1957 жылдан 1970 жылға дейін азаматтық авиация саласында еңбек етті. Қазақ КСР авиациясының подполковнигі, запастағы полковнигі, генерал-майоры әскери атақтарын дәйекті түрде алды. Қазақ КСР Азаматтық авиация басқармасы төрағасының орынбасары болды. Осы қызметте жүргенде Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Жамбыл, Өскемен және басқа да облыс орталықтарында ұшып-қону жолақтарын салу жұмыстарына басшылық етті. Осы кезеңде оның басшылығымен бірқатар ірі қалаларда жиырмаға жуық ұшып-қону жолақтары құрылды. 1968 жылы Талғат Бигелдинов Мәскеу инженер-құрылыс институтын бітіріп, Қазақ КСР Мемлекеттік құрылыс жүйесіне қызметін ауыстырды. Ол КСРО Жоғарғы Кеңесінің 2-ші, 3-ші және 12-ші шақырылымдарының депутаты болды. Ұлы Отан соғысы мүгедектері мен жетім балаларға көмек көрсететін халықаралық қайырымдылық қорының президенті болып жұмыс істеді (Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 1999: 320).

Талғат Бигелдинов 1966 жылы жарық көрген «Ил ұшақтары шабуылдайды» кітабында өмірінің авиациядағы, майдандағы және соғыстан кейінгі кезеңдері туралы баяндайды. Батырдың бұл кітабы КСРО көлемінде кеңінен танылды. Сондай-ақ, ол «305-ші рейд» және «Мәңгілік шыңында» кітаптарының авторы. Талғат Бигелдиновтың батырлық ерліктері бірнеше рет теледидар бағдарламалары, деректі және көркем фильмдер үшін негіз болды. Тірі кезінде аты аңызға айналған Талғат аға батырлықтың нышаны, авиацияны армандаған балалардың үлгі тұтар тұлғасы болды. Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 55 жылдығына орай 2000 жылғы 9 мамырда Ақмола облысы Көкшетау қаласындағы Даңқ аллеясына Кеңес Одағының екі мәрте батыры Талғат Бигелдиновтің мүсіні орнатылды (Mangilik el glants. 2016).

Батырдың жүрегі 2014 жылғы 10 қарашада мәңгілікке тоқтады. Талғат Бигелдинов

батылдыққа, ерлікке және ержүректілікке толы даңқты өмір кешті. 2015 жылы Мәскеудегі Ұлы Отан соғысына арналған Орталық мұражайға аты аңызға айналған ұшқыш Талғат Бигелдиновтың бюсті орнатылды. Кеңес Одағының екі мәрте батыры Т.Ж.Бигелдиновтің есімі Ақтөбе қаласында орналасқан ҚР Қорғаныс министрлігі Әуе қорғаныс күштерінің Әскери институтына, Қарағанды Республикалық әскери мектеп-интернатына берілді. Еліміздің орталық кітапханаларының кітап қорында қазақ халқының даңқты батыры туралы шығармалар сақтаулы. Олардың арасында Александр Сергеевтің «Звездное небо Талгата», Кәкен Әбенбетовтің «Великая Отечественная война в моей жизни: 60 лет спустя» және басқа да басылымдар бар. Бұл еңбектер батырдың батырлық бейнесін ашуда барынша ықпалын тигізетіне сөзсіз (Елеусизов Д. 2015).

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Бигелдинов Талғат Жақыпбекұлы ел басына күн туған қиын шақта Отанды сүюдің, ерлік пен әскери шеберліктің таңғажайып үлгісін көрсете білді, сол арқылы өзін де, халқымызды да өшпес даңққа бөледі. Соғыс жылдары әуеде ұшақ тізгіндеп, жанқиярлығы мен қаһармандығы, ерлігі мен өжеттілігі арқасында аспан батыры атанып, аты аңызға айналды. Тарихымызда екі мәрте Кеңес Одағының батыры атағын алған жалғыз алаш перзенті саналды. Бейбіт өмірге оралғаннан кейін ол азаматтық авиация және құрылыс салаларында жемісті еңбек етіп, жоғары ұйымдастырушылық және биік адамгершілік қасиеттерімен өзгелерге үлгі бола білді. Халқымыз Талғат Бигелдиновты ерекше мақтан тұтты, дүние есігін ашқан мыңдаған сәбилерге есімін берді. Кеңес Одағының екі дүркін батыры атанған Т.Бигелдинов биыл, дәлірек айтқанда 2022 жылғы 100 жасқа толды. Қаһарман батырымыздың есімі мен еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Оның жауынгерлік жолы мен ерлігі Екінші дүниежүзілік соғыс шежіресінде жарқын бет болып қала береді.

Әдебиеттер

- Батырбеков М. Первый дневной полет Бегельдинова над Берлином // Страна и мир. – 2007. – 4 мая. – С. 12-13
 Бахтигареев Р. Земля под звездами: О героях казахстанцев ВОВ летчики С.Луганского и Т.Бигельдинове // Экспресс К. – 2005. – 6 мая – С. 9.
 Бегельдинов Т.Я. Крылья крепнут в бою // Казахстанская правда. – 2013. – 9 мая. – С.3
 Белан П.С. Богатыри Крылатой Гвардии. – Алматы, 1984.

- Борисов С. Талгат Бегельдинов в воздухе и на земле: рассказ о мужестве, профессионализме и верности воинскому долгу боевого летчика, дважды Героя Советского Союза // Аргументы и факты. Казахстан. – 2018. – 20-26 июня. – С. 18-19
- Vukolov V. Twice Hero of the Soviet Union Moscow: Voenizdat, 1973. – p. 20.
- Елеусизов Д. Помним Героя // Казахстанская правда. – 2015. – 25 декабря.
- Жагипаров Т. Огромное небо Талгата Бегельдинова // Нива. – 2002. – №10. – С.121-126
- Зефирова М. В., Дегтев Д. М. «Лаптежник» против «чёрной смерти». Обзор развития и действий немецкой и советской штурмовой авиации в ходе Второй мировой войны. – Москва, 2008. – 592 с.
- Қазақстан тарихы. Бес томдық. 4-том – Алматы: Атамұра, 2010. – 469 б.
- Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 1999. – 320 б.
- Люди бессмертного подвига. В 2 кн.:4-е издание. – М.: Политиздат, 1975.
- Mangilik el glantc Talgat Bigeldinov // elbasylibrary.gov.kz
- Махин В. Звездные вершины Талгата Бегельдинова // Казахстанская правда. – 2012. – 4 августа. – С.4-5.
- Simonov A., Bodrikhin N. Combat pilots – twice and thrice Heroes of the Soviet Union. – Moscow, 2017. – p. 20.
- Talgat Bigeldinov // en.wikipedia.org. Қаралған күні: 05.08.2016.
- Шахурин А.И. Крылья победы. – 3-е изд. – М.: Политиздат, 1990 г.

References

- Batyrbekov M. Begeldinov prima diei fuga per Berolinum // Patriam et Mundum. – 2007. – 4 Maii. – pp. 12-13
- Bakhtigareev R. Land sub astris: De heroibus Kazakhstani civibus secundi belli mundani, gubernatores S. Lugansky et T. Bigeldinov // Express K. – 2005. – Die 6 Maii – p. 9
- Begeldinov T. Alis plus in proelio crescunt // Kazakhstanskaya Pravda. – 2013. – Maii 9. – p. 3
- Belan P.S. Bogatyrs cohortis alae. – Almaty, 1984.
- Borisov S. Talgat Begeldinov in aere et in terra: narratio de virtute, professionalismo et fidelitate ad officium belli gubernatoris pugnae, bis Hero de Unione Sovietica // Argumenta et Res. Kazakhstan. – 2018. – 20-26 Iunii. – p. 18-19
- Vukolov V. Bis Heros Unionis Sovieticae Moscuae: Voenizdat, 1973. – p. 20
- Eleusizov D. Memento Herois // Kazakhstanskaya Pravda. – 2015. – 25 Decembris.
- Encyclopaedia Nationalis de Kazakistan. – Almaty, 1999. – 320 p.
- Zhagiparov T. Ingens caelum Talgat Begeldinov // Niva– 2002. – N. 10. – p. 121-126
- Zefirov M. V., Degtev D. M. «Laptezhnik» contra «mortem nigram». Contemplatio evolutionis et actionum Germanorum et Sovieticorum terram aeroplanorum in altero bello mundano aggreditur. – Moscoviae, 2008. p. – 592
- Historia Kazakhstan. Volumina quinque. Volume 4. – Almaty: Atamura, 2010. – p. 469
- Homines immortales cond. In 2 books: 4 th edition. – М.: Politizdat, 1975.
- Mangilik el glantc Talgat Bigeldinov // elbasylibrary.gov.kz
- Makhin V. Star apices Talgat Begeldinov // Kazakhstanskaya Pravda. – 2012. – 4 Augusti. – p. 4-5.
- Simonov A., Bodrikhin N. Certamina gubernatores bis et ter Heroes Unionis Sovieticae. – Moscoviae, 2017. – p. 20.
- Talgat Bigeldinov // en.wikipedia.org
- Shakhurin A.I. alis Victoriae. 3rd ed. – М.: Politizdat, 1990.